

2 блок. Түркі өркениеті және Ұлы дала

2.1 Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері

Дәріс жоспары:

1. Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы
2. IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы
3. Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы

Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы. Жазба және археологиялық деректер мәліметтері. Түркілердің шығу тегі мәселесі. Түрік қағанатының құрылуы, мекендеген аумағы, құрылымы және саяси тарихы. Көршілес мемлекеттермен өзара қарым-қатынас: Византия, Сасанидтік Иран, түркі-соғды синтезі, эфталиттер мемлекеті. Батыс Түрік қағанаты («он оқ» халқы): құрылуы, аумағы, этникалық құрамы. Әлеуметтік-экономикалық даму. Саяси тарихы. Түргеш мемлекетінің құрылуы және нығаюы. Жетісу және Оңтүстік Қазақстандағы араб-қытай қайшылығы. Талас өзені бойындағы тарихи шайқас (751 жыл). Қарлұқ мемлекетінің саяси тарихы: құрылуы, көрші мемлекеттер мен тайпалармен қарым-қатынастары. Исламның енуі және түркілердің мұсылман әлемімен халықаралық байланысы.

IX-XII ғасырлардағы Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы. Оғыздардың этникалық тарихының мәселелері және олардың қазақ халқының этногенезіндегі рөлі. Қимақтардың мемлекеттік құрылымындағы ежелгі түркі әлеуметтік-саяси дәстүрлерінің сабақтастығы. Қараханидтер мемлекеттілігі түркі мемлекеттілігі эволюциясының жаңа кезеңі ретінде. Исламды қабылдау және Қараханид мемлекетінің мұсылман әлеміндегі орны. Орталық Азияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қараханидтер мемлекетінің рөлі. Түркі көшпелі мемлекеттік және әлеуметтік-мәдени дәстүрлерінің дамуының соңғы кезеңі ретінде Қыпшақ хандығының құрылуы. Найман, керейіт, меркіт, жалайырлар туралы деректердің мәліметтері. Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы. Көшпелілер («қала-дала» жүйесі) және отырықшылар: екі шаруашылық-мәдени типтерінің өзара қарым-қатынасы. Ұлы Жібек жолындағы қазақстандық трассалар. Ұлы Жібек жолының ежелгі дәуір мен ортағасырдағы маңызы.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 - том. – Алматы: «Атамұра», 1998. - 640 б.
2. Кумеков Б.Е. Государство кимаков в IX-XI вв. – Алма-Ата, Наука, 1972. – 695 с.

3. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004. – 368 с.

4. История Казахстана (Қазақ елі). Книга 1-2. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 458 с.